

30 ҚЫРКҮЙЕК,
2025 ЖЫЛ,
СЕЙСЕНБІ
№107 (23 576)



О Р Т А Л Ы Қ Қ А Z A Q S T A N



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдын
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

• 1 ҚАЗАН – ҚАРТТАР КҮНІ

Тәрбиенің темірқазығы

Өткенге тағзым етіп, тағылым алып, бүгінді бағалап, еңбектеніп, болашаққа бағдар жасау – адам өмірінің бағдаршамындай. Елін сүйген, ұрпағына үлгі-өнеге болған қарияларымыздың өмір жолы осындай ұлағатты ұстанымға негізделеді. 1 қазан – Қарттар күні. Бұл күн – елдің еңсесі, тарихтың тірі шежіресі саналатын ардақты ақсақалдарға, ақ жаулықты аналарымызға көрсетілер зор құрметтің көрінісі. Елімізде қарияларды ардақтап, олардың қауіпсіз қоғамда мағыналы әрі ұзақ өмір сүруіне жағдай жасалуда. Кеншілер өлкесінде де бұл бағытта жүйелі жұмыс жолға қойылып, жыл бойы қарттарымызға құрмет пен қамқорлық қатар көрсетілуде. Өйткені, қариялар – қазынамыз, ұлттық болмысымыздың, рухани тініміздің темірқазығы.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы бүгінде 6 қалалық, 9 аудандық, 500-ге жуық бастауыш ардагерлер ұйымын біріктіріп отыр. Бұл – 140 мыңнан астам зейнеткердің басын қосқан, бірлігі бекем, іргелі ұйым. 2021 жылғы 9 қыркүйекте өткен ІХ есеп беру-сайлау конференциясы нәтижесінде 45 адамнан тұратын облыстық кеңес, 3 адамдық тексеру комиссиясы, төралқа және 6 тұрақты комиссия құрылып, қарқынды жұмыс істеп келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің әлеуметтік бағыттағы тапсырмаларында қарттар мен зейнеткерлердің қоғамдағы белсенділігін арттыру, әлеуметтік теңдік пен әділеттілік орнату, жасына қарамай өмір сүру сапасын жақсарту мәселелеріне ерекше назар аударып келеді.

Қарттарды қолдауға бағытталған маңызды бастамалардың бірі – Қарағанды қаласындағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының жұмысы. 2022 жылдың шілдесінде іске қосылған бұл орталық бүгінде қала бойынша 6 филиалмен қарияларға қызмет көрсетіп келеді. Йога мен тыныс алу гимнастикасынан бастап, домбыра, би, хор, тіл үйрену, компьютерлік сауаттылық, құқықтық және



Сурет шығарушысы

психологиялық кеңестерге дейін 30-дан астам бағытта тұрақты түрде 2 300-ден аса адамды қамтып отыр.

«Саулем-ай», «Ару әжелер», «Арқа әуендері» хоры мен «Грация», «Гармония» би топтары сияқты шығармашылық ұжымдар құрылып, өнер бәйгелерінде топ жарып жүр. Жыл басынан бері орталық 400-ден астам мәдени-спорттық іс-шара өткізіп, қариялардың күнделікті өміріне шаттық пен сергектік сыйлауда. Театр, мұражай, зообаққа экскурсиялар ұйымдастыру арқылы рухани демалыс та ұмыт қалмаған.

Одан бөлек, облыс аумағында зейнет жасындағы азаматтарға арналған «Алтын жас» бағдарламасы – аймақтың әлеуметтік саясатындағы маңызды бастама. Аталған бағдарлама арқылы жасы келген азаматтарға еңбек

етуге мүмкіндік беру, еңбекпен өмірге араласуын жалғастыру, қаржылай қолдау көрсету міндеттері іске асып жатыр.

Дерекке сүйенсек, облыс бойынша 1 000-ға жуық жұмыс орны ашылып, 300-ден астам зейнеткер тұрақты жұмысқа орналасқан. Сонымен қатар, Қарағанды қаласында – 69, Абай ауданында – 27, Саран қаласында – 26 зейнеткер жұмысқа тартылыпты.

Қариялар мектеп, балабақша сынды түрлі мекемелерге есепші, тәрбиеші, жүргізуші, күзетші секілді қызметтерге қабылдануда. Бұл – олардың өмір тәжірибесін жас буынға жеткізуге, қоғаммен байланысын үзбеуге үлкен мүмкіндік.

Сонымен бірге, Ұлы Жеңіс күні мен Қарттар күні секілді маңызды мерекелер қарсаңында аға буын өкілдеріне көрсетілетін қамқорлық пен әлеуметтік қолдаулар – мемлекет пен қоғамның шынайы алғысының көрінісі.

Ұлы Жеңіс күні қарсаңында облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, соғыс ардагерлеріне 5 миллион теңгеден бір реттік әлеуметтік төлем берілген. Аймақ көлемінде мұндай 7 ардагер бар.

Сонымен қатар, жергілікті бюджет есебінен өзге санаттағы ардагерлерге де материалдық көмек көрсетілді. 29 концлагерь тұтқынына және Ленинград блокадасының 10 қатысушысына – 200 мың теңгеден бір реттік төлем жасалды, 2 613 тыл еңбеккеріне – 100 мың теңгеден көмек көрсетілді, соғыс ардагерлерінің әйелдері мен жесірлеріне – 50 мың теңге көлемінде қаржылай қолдау берілді.

– Қария – елдің жүгін көтерген, ауыртпалығын арқалаған, жастықтың жалындап тұрған кезінде Отанға адал еңбек еткен жан. Оларды құрметтеу – парыз ғана емес, елдік сананың биіктігі. Облыста осы бағыттағы жұмыстар жүйелі жүріп жатыр. Бастысы – қарияларымыздың өздерін қоғамға қажет сезінуі. Біз мұны үнемі басты назарда ұстаймыз, – дейді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғабит Тұяқов.

• БӘРЕКЕЛДІ!

Әлемдік ҒЫЛЫМҒА ЖОЛ АШТЫ

Балқаш қаласындағы №12 жалпы орта білім беретін мектебінің 11-сынып оқушысы Ділді Еркебаева әлемдегі ең беделді ғылыми ұйымдардың бірі – Нью-Йорк ғылым академиясына қабылданды. Академияның Junior Academy халықаралық бағдарламасына қатысуға грант ұтып алған ол – ел бойынша іріктелген бес қазақстандықтың бірі.

Ділді Еркебаева Балқаштағы күні кеше ашылған №12 жалпы білім беретін мектебінде оқиды. Бұған дейін ол №7 гимназияда білім алған. Дарынды жас математикаға, тіл үйренуге, психология мен антропологияға қызығады.

– Бұл бағдарлама жайлы ұстазымнан білдім. Өтінішті өзім толтырдым, жетістіктерімді, мықты тұстарымды жаздым. Steam Fest Balkhash шарасына волонтер ретінде қатысқанымды, сондай-ақ Inclusive Academy жобасы аясында ерекше қызға математикадан сабақ бергенімді көрсеттім. Бұл – америкалық университеттерде бааланатын маңызды фактор, – дейді Ділді.

Сонымен қоса, ағылшын тіліндегі IELTS емтиханынан 6,5 балл жинағанын және облыстық олимпиададағы жетістіктерін де тіркеген. Нәтижесінде оны Нью-Йорк ғылым академиясы Junior Academy жобасына қабылдады.

Аталған бағдарламаға әлемнің ең үздік оқушылары қатысады. Статистикаға сүйенсек, мұнда өтініш бергендердің тек 5-10 пайызы ғана қабылданатын көрінеді. Ал грант иегері атану бұдан да сирек мүмкіндік.

«Бұл тәжірибе болашақта армандаған университетіме түсуіме көмектеседі», – дейді Ділді.

Өз тілшімізден

Егін орағы екпін алды

Ауа райының тосын мінезіне қарамастан, алқап басында маңдай терін төгіп, толассыз еңбек етіп жатқан дикандар қауымында дамыл жоқ қазір. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздің азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық тапсырмалары шеңберінде егін орағының қызған шағы бұл. Аграрлық саладағы осы маңызды жұмыстар облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппараттық жиында егжей-тегжейлі сараланды.



Еркәнат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл облыс бойынша дәнді дақылдардың жиын-терім алаңы 914,7 мың гектарды құрады. Оның ішінде бидай – 779,2 мың гектар, арпа – 117,3 мың гектар. Ауыл шаруашылығын әртараптандыру аясында майлы және малазықтық дақылдардың егістік көлемі ұлғайған. Майлы дақылдар – 78,1 мың гектар, картоп – 10,7 мың гектар, көкөніс – 1,0 мың гектар жерге егілді. Биыл орташа өнімділік гектарына 10,3

центнерді құрайды. Жалпы, дәнді дақылдардан шамамен 1,0 млн тонна астық жиналады деп күтілуде. Оның ішінде бидай – 817 мың тонна. Көшелі көлем тұқымдық қорды қалыптастыруға әрі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қаржылық міндеттемелерін өтеуге жеткілікті болмақ.

– Картоп бойынша орташа өнімділік гектарына 253,7 центнерді құрап, жалпы 271,3 мың тонна өнім жиналады деп болжанады. Көкөністерден 38,8 мың тонна өнім алынады. Жиын-терім науқанына

1976 астық жинайтын комбайн, 220 картоп жинайтын комбайн және 162 картоп қазғыш жұмылдырылды. 3 000-нан астам техника өнімді алқаптан тасымалдап, алғашқы өңдеу жұмыстарына жегілді. Алдын ала есеп бойынша астық жинау жұмыстары 24 жұмыс күні ішінде, картоп жинау 22 күн ішінде аяқталады деп жоспарлануда, – деп хабарлады облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Ануар Түлюбеков.

Соңғы апталарда жиілеген жа-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

уын-шашын егін жинау қарқынына айтарлықтай кедергі келтіріп отыр. Астықтың ылғалдылығы жоғары болғандықтан, оны кептіру – міндет. Осы орайда облыс бойынша жұмыс істеп тұрған 53 астық кептіргіш техникасының маңызы зор. Оның 19-ы газбен, ал 34-і дизель отынымен жұмыс істейді. Дикандар мойымай, қиындыққа қайыспай, науқанды жүйелі түрде жалғастыруда. Кейінгі мәліметтерге сүйенсек, 695 мың гектар, яғни, 76,1% алқап орылып, қамбаға 778 мың тонна астық жеткен. Орташа өнімділік – гектарына 11,2 центнерді құрап отыр. Сондай-ақ, майлы дақылдарды жинау жұмыстары да қарқын алған. Қазірге дейін 41,2 мың гектар алқаптан 34,9 мың тонна өнім жиналған. Мұндағы орташа түсім – гектарына 8,5 центнер. Егінді еселеп жатқан еңбек адамдары үшін бұл – нағыз сын сағаты.

– Шет, Абай, Бұқар жырау және Осакаров аудандары егін орағы қарқын жағынан сап басында келеді. Ал, өнімділік бойынша Осакаров және Нұра аудандары көш бастап тұр. Түйнек пен көкөніс алқаптарында да жұмыстар қызу. Картоп жинау науқанының қорытындысы кеңі қуантады. 9,2 мың гектар жерден 259,2 мың тонна өнім алынған. Орташа өнімділік – гектарына 279,5 центнер. Көкөністерден де мол өнім жиналуда. 530 гектардан 18 мың тонна өнім алынып, әр гектардан 337,3 центнерден айналууда, – деп қосты салалық басқарма басшысы.

► 2-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 634.72

•USD/KZT 544.26

•RUB/KZT 6.52

•CNY/KZT 76.27

Қазақстан Ұлттық Банкінің
29 қыркүйек, 2025 жылғы дерегі бойынша

• ҚАБЫЛДАУ

Ел тілегі ескеріледі

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңір тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады. Кездесуге келгендер үй-жай, абаттандыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, шағын бизнеске қатысты түрлі түйткілдерін ортаға салды.



Келгендер қатарында Ақтоғай аудандық мәслихатының депутаты да болды. Ол Сарышаған станциясының мәселелерін жеткізіп, осыдан бұрын облыс әкімі Ақтоғайда өткізген жеке қабылдауы нәтижесінде фельдшерлік-акушерлік пункт ашылғанын атап өтті. Бұл жолы да елдің күнделікті тұрмысын жеңілдететін сұрақтар көтерілді: таза ауыз суға қол жеткізу, ауылды абаттандыру, жылумен қамту, қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару.

Әкім әрбір өтінішке бейжай қарамайтынын білдіріп, энергетика және ТКШ басқармасына аталған мәселелерді жергілікті жерде жан-жақты зерттеуді тапсырды. Ермағанбет Бөлекпаев әрбір шағыммен ұсыныстың қолданыстағы заңнама аясында қаралатынын ерекше атап өтті.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• АКЦИЯ

Жасыл алап жанашыры — кәсіподақ

Қарағандылық кәсіподақ ұйымдарының өкілдері елімізде кен көлемде ұйымдастырылған «Таза Қазақстан – болашақ үшін» экологиялық акциясына белсенді түрде атсалысты. Бұл акция Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының бастамасымен өткізіліп, кәсіподақ қозғалысының 120 жылдығы мен Федерацияның құрылғанына 35 жыл толуына орай ұйымдастырылған.



Сурет облыс аймақтың сайынан

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Акция аясында облыс аумағындағы 15 салалық және жергілікті кәсіподақ ұйымдарының мүшелері жаппай сенбілікке шықты. Қалалар мен аудандарда еңбек ұжымдары аулалар мен саябақтарды, қоғамдық орындарды қоқыстан тазартып, көгалдандыру жұмыстарын жүргізді. Көптеген кәсіпорындар мен мекемелер бұл бастаманы қолдап, өз қызметкерлерін экологиялық тазалықты сақтауға жұмылдырды.

ҚР Кәсіподақтар федерациясының Қарағанды облысындағы өкілі, «Қарағанды облысының кәсіподақ орталығы» аумақтық бірлестігінің төрағасы Болат Жұмабеков бұл іс-шараның маңыздылығына ерекше тоқталды.

– Негізгі мақсат – экологиялық жағдайды жақсарту, елдімекендерді абаттандыру және табиғатқа ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру. Бұл арқылы біз кәсіподақтардың тек жұмысскерлердің құқықтарын қорғаумен ғана шектелмей, қоғамның әлеуметтік-экологиялық игілігіне де нақты үлес қосатынын көрсеткіміз келеді, – деп атап өтті ол.

Облыстағы эоакцияның басты алаңы Қарағанды қала-

сындағы Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ұлттық орталығы болды. Мұнда 80-нен астам адам бірігіп, 1,7 гектар аумақтың қоқыстарын жинады. Аталған орталыққа республикалық мәртебе жуырда Кәсіподақтар федерациясының бастамасымен қайтарылған болатын.

Акцияға орталықтың еңбек ұжымы мен аймақтық кәсіподақ белсенділері атсалысып, көгалдарды тазалап, жасыл желектерді күтіп-баптады. Шара барысында табиғатты қорғау мен еңбек ұжымдарының әлеуметтік жауапкершілігі жайлы түсіндіру жұмыстары да жүргізілді.

Мұндай акциялар тек тазалықты қамтамасыз етіп қана қоймай, қоғамда экологиялық мәдениетті дамытуға, ұжымдық рух пен бірлікке жол ашады. Кәсіподақтар бастамасымен ұйымдастырылған бастама халықты қоршаған ортаны қорғауға шақырып, әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға ықпал ететінін атап өту керек.

Қарағандылық кәсіподақ ұйымдары алдағы уақытта да мұндай игі бастамаларға белсенді араласып, еліміздің экологиялық әл-ауқатын арттыруға өз үлесін қосуға дайын екендігін жеткізді.

Егін орағы екпін алды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қыстың қамын жаз ойлаған ауыл шаруашылығы құрылымдары ендігі жылғы егіс науқанына тұқым қорын дайындауға кірісті. Жоспарланған көлем – 109,5 мың тонна. Қазіргі таңда оның 12,3 мың тоннасы немесе 11,3 пайызы зертханалық сараптамаға тапсырылған. Көнігі мамандар жүйелі жұмыстың қарқынын арттырып, қолайлы ауа райын тиімді пайдалану қажеттігін ескеруде. Осыған байланысты, аудан әкімдіктеріне тұқым қорын дер кезінде және толық көлемде қалыптастыру тапсырылды. Сонымен қатар, күзгі дала жұмыстары мен ауыл шаруашылығы техникасын үздіксіз отынмен қамтамасыз ету мәселесі де күн тәртібінде тұр. Осы мақсатта өңірге 19,6 мың тонна көлемінде арзандатылған дизель отыны бөлінді. Шаруалар үшін белгіленген баға – литріне 250 теңге. Астық кептіру жұмыстарына қосымша 560 тонна дизель қарастырылған. Газбен жұмыс істейтін кептіргіш құрылғылар үшін 1405 тонна газ қажет. Қазірде қажеттілік бойынша нақты шешім қабылдау үшін тиісті мемлекеттік органдар деңгейінде тиесілі жұмыстар жүргізілуде. Тиімді жоспарлау мен уақытылы қолдау – егіс науқанының сәтті өтуінің басты кепілі. Ауыл еңбеккерлері мұны жақсы түсінеді. Сондықтан, әр күнді қалт жібермей, маусымдық жұмыстарға жоғары жауапкершілікпен қарап отыр.

Биылғы орақ маусымының басты жетістіктерінің бірі мол өніммен қатар, оны ысырапсыз сақтау үшін жасалған жүйелі дайындығы дер едік. Облыста астықты қабылдап, сақтайтын орындар жеткілікті. Қазіргі таңда, атаулы бағыттағы инфрақұрылым толық жүктемемен жұмыс істеуге қабілетті. Лицензиясы бар және шаруашылық иелігіндегі нысандардың жалпы сыйымдылығы 1,2 миллион тоннадан асады. Көкөніс пен картоптың да сақтауы мен таратылуы мұқият бақылауға алынған. Облыс бойынша көкөніс сақтау қоймаларының сыйымдылығы 340 мың тоннадан асады. Биылдың өзінде жаңадан бірнеше қойма іске қосылып, сақтау мүмкіндігі еселеп артты. Ал, жыл соңына дейін тағы да бірнеше нысан пайдалануға беріlmек. Осы ретте, әлеуметтік маңызы бар азықтүлік бағасын тұрақтандыру мақсатында нақты шаралар қабылданып отыр. «Са-



рыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы жергілікті тауар өндірушілермен келісім-шарттар жасалып, негізгі өнімдер картоп, сәбіз, пияз және қырыққабат қоры алдын ала қамдалды. Жетелі жұмыстар бір реттік емес, жүйелі негізде жүргізілуде. Аудан әкімдіктеріне де осы бағытта белсенділік танытып, ауыл шаруашылығы өндірушілерімен өзара тиімді меморандумдар жасасу тапсырылды.

Биылғы көктемгі егіс пен күзгі жиын-терім жұмыстарын ұйымдастыруда мемлекет тарапынан жүйелі қолдау көрсетілді. Егіс даласынан басталған жұмыс қаржы институттары арқылы нақты механизмдермен қамтамасыз етілді. «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы арқылы «Кең дала» және «Кең дала 2» бағдарламалары шеңберінде 250-ден астам ауыл шаруашылығы құрылымы қаржыландырылды. Жалпы, бөлінген қаражат көлемі 15,3 миллиард теңгені құраса, оның 13,2 миллиарды жыл басынан бері игерілген. Қаражат шаруалар үшін көктемгі тұқым себуден бастап, күзгі өнім жинауға дейінгі барлық кезеңді

қамтитын кешенді қолдау болды. Осы мақсатта «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы 630-ға жуық ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға 10,6 миллиард теңге бағытталды. Бұдан бөлек, көктемгі және күзгі дала жұмыстарына байланысты шығындарды өтеу үшін 5 миллиард теңге көлемінде мемлекеттік қолдау қарастырылды. Оның елеулі бөлігі – тұқым шаруашылығын дамыту, пестицидтердің құнын өтеу, су жеткізу қызметтері мен тыңайтқыштарға жұмсалуда.

Егін даласындағы маусымдық жұмыстар әлі де қызу жүріп жатқанда, Нұра ауданындағы «Қайнар» шаруашылығы биылғы орақ науқанын алғашқылардың бірі болып табысты аяқтап отыр. Уақытпен санаспай, ауа райының әр сәтін ұтымды пайдаланып, ұйымшылдықпен еңбек еткен ұжым маусым соңын мол өніммен қорытындылады. Серіктестік басшысы Сейітжаппар Нығметов жетістікке мемлекет тарапынан көрсетілген кешенді қолдаудың зор әсері болғанын атап өтті. Оның айтуынша, жеңілдетілген жанар-жағармай, дер кезінде бөлінген субсидиялар мен

Көшет көбейіп, аймақ ажарланады

Аймақта 2027 жылға дейін 7 млн көшет отырғызылады. Былтыр 619,7 гектар алқапқа 1802 млн көшет отырғызылды. Биылға жоспарланған 1,6 миллионнан астам көшеттің 1,3 миллионнан астамы көктемде егілсе, қалғаны күзгі маусымда қолға алынады. «Таза Қазақстан» акциясы аясында күзгі көшет отырғызу жұмыстары басталды. Оған кез келген адам қатыса алады.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бахтияр Санбаев өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Мемлекет басшысының 2 млрд ағаш егу жөніндегі тапсырмасын орындау аясында орман алқаптарын кеңейту жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты. Оның айтуынша, 21 мың гектар жер телімі зерттелді, оның 2800 гектары немесе 13,6 пайызы ғана жарамды. Бұл жұмыстар 2024-2027 жылдарға арналған ормандарды қалпына келтіру және орман өсіру жөніндегі кешенді жоспар негізінде жүзеге асуда.

– Бүгінде орман және жануарлар дүниесін қорғау ісін үш мемлекеттік мекеме – Қарағанды, Қу және Ақтоғай орман шаруашылықтары атқарып отыр. Орманға жарамды аумақтар да кеңейтілуде. Арнайы құрылған комиссия қосымша 6 мың гектардан астам жерді мемлекеттік орман қорына беру жұмыстарын жүзеге асыруда, – деді басқарма басшысы.

Новодолинка ауылындағы орман тұқымбағы көшетпен қамтамасыз етеді. Мұнда жыл сайын 1,3 млн көшет өсіріледі. Спикер биыл тұқымбақ аумағы 10 гектарға ұлғайғанын, ал, жалпы 80 гектарға ұлғайту жоспары барын жеткізді. Сәйкесінше, қуаттылығы да екі есе артап.



– Қазіргі таңда облыс тұқымбақтарында 2,5 млн-ға жуық түрлі ағаш көшеті бар, – деді Бахтияр Санбаев. – Негізінен үйеңкі, қарағаш пен қарағай өсіріледі. Бұған қоса, алдағы жылдарға арналған тұқым қоры да дайындалған. Тек биылдың өзінде 4 тоннадан астам тұқым жиналды. 2027 жылға дейін шамамен 4 млн жаңа көшет өсіруді жоспарлап отырмыз. Көшет отырғызылатын жер жыртылып, екі жыл дайындалып, үшінші жылы ғана қолданылады, – деді басқарма басшысы.

Орман шаруашылықтарының материалдық-техникалық базасы да нығайтылуда. Биыл автокөліктер, тракторлар, соқалар және өзге де арнайы техникалар сатып алын-

ды. Соңғы 2 жылда орман шаруашылығы мекемелерінің жағдайын жақсарту мақсатында 1 млрд-тан астам қаражат бөлінді.

Бахтияр Жұматайұлы орманды қалпына келтіру ісінде заманауи технологияларға айрықша көңіл бөлініп жатқанын да тілге тиек етіп өтті. Аймақта жабық тамыр жүйесі бар орман тұқымбақ станциясын салу қолға алынбақ.

– Мұндай әдіс егілетін көшеттердің сапасын арттырып қана қоймай, олардың жерсіну деңгейін де едәуір жоғарылатады. Қазір біз негізінен тұқымды орманнан жинап, Көкшетаудағы станцияға жібереміз. Онда тұқымдар тазаланып, сапасы тексеріледі. Кейін олар біздің тұқымбақтарға жеткізіліп, өсіріледі

қаржыландыру құралдары шаруашылық жұмыстарының үздіксіз жүруіне берік негіз болған.

– Биылғы мол өнім – тек біздің ұжымның емес, мемлекет қолдауының нақты нәтижесі. Мұндай қомақты қолдаудың арқасында шаруалар алаңсыз жұмыс істей алады, – дейді шаруашылық жетекшісі ризашылықпен.

Ендігі міндет – жиналған өнімді тиімді әрі ысырапсыз сақтау, келесі егіс маусымына тыңғылықты дайындалу. Осы орайда Осакаров ауданындағы ірі ауыл шаруашылығы құрылымдарының бірі – «ЕвразияИнвест Ltd» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің де маусымдық жұмысты қарқынды жүргізіп, мол өнімге қол жеткізгенін атап өткен жөн. Шаруашылық басшысы Серік Жүнісов те көрсетіліп отырған мемлекеттік қолдаудың мәні мен маңызын ерекше атап өтті.

– Жанар-жағармайдан бастап, тыңайтқыш пен пестицидке дейін мемлекет тарапынан бөлінген қаражат, техника паркін жаңартуға жасалған мүмкіндік – барлығы да біз секілді шаруашылықтар үшін үлкен демеу. Мұндай қолдау болмаса, дала жұмыстарының дәл осындай ырғақпен жүруі екіталай болар еді, – дейді ол.

Спикердің айтуынша, өндірістік шығындардың бір бөлігін мемлекет көтеріп, қаржылық ауыр-талықты жеңілдетуі ауыл еңбеккерлерінің еңесін көтеріп отыр. Соның нәтижесінде «ЕвразияИнвест Ltd» ұжымы егін жинау науқанын табысты аяқтауға жақын.

Жылы соңында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев сөз алып, ауыл шаруашылығы саласындағы жүйелі жұмыстың жемісті жалғасуына тілектестік білдірді. Аймақ басшысы егін орағын мәйілінше ысырапсыз өткізу әрбір аудан мен кез келген шаруашылықтың басты міндеті екенін атап өтіп, бұл бағытта барлық қажетті ұйымдас-тыру шараларын жеделдетуді тапсырды. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы өнімін сақтап, ішкі нарықты тұрақты қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен жергілікті атқарушы органдар арасында меморандумдарды уақытылы жаса-суды міндеттеді.

– Жиналған өнім – тек шаруалардың емес, бүкіл өңір халқының ырысы. Сондықтан, оны жоғалтпай, тиімді таратып, халықтың азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ортақ жауапкершілік, – деді Ермағанбет Қа-дулаұлы қорытынды сөзінде.



Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Өнегелі орда

Иә... Сонау 1944 жылдың 31 желтоқсанында Совет Одағының газеттері беттерінде шығыс Пруссиядағы Кеңес әскерінің сенімді қадамымен алға басуы жөніндегі хабармен қатар «Қазақстандық болат бар» атты қысқаша жеделхат басылады, ал 1945 жылы 1 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Самарқан кенті Қарағанды қаласы аймағынан шығарылып, облысқа қарасты Теміртау қаласы болып қайта құрылады. Сол уақыттарда Совет үкіметінің, бүгінде егемен Қазақстанның экономикасына қомақты үлес қосып отырған Теміртау қаласының аты ел тарихына алтын әріппен жазылды. Бұл қаланың 80 жылдық ғұмыры ертегіге бергісіз.

Менің құрдастарым, яғни біздің буын 80-нен асқан шақта Теміртау қаласы да біздің өкшемізді басқан екен. Сонау 1958-1960 жылдары комсомолдық жолдамамен келгенде қаланың құрылғанына 13-14 жыл болған екен. Яғни түйдей құрдас екенбіз ғой. Шіркін-ау сонда Теміртау қандай, біз қандай болып едік?!

Ата кәсібіміз емес, домна, марген пештеріндегі тілсіз жау – отпен арпалысуға бел шешіп, шындап кіріскен шағымыз еді. Ол кезде бізде мансапқорлық, дүниеқоңыздық дәл бүгінгідей рухани жұтандылықтағы басқа да адам табиғатына жат қылықтардан ада болатынбыз. Есіл-дертіміз еңбекқорлық, металлургияның тылсым табиғатын танып, бүрк-сарқ еткен мылқау, дүлей алып күшін игеріп, ел игілігіне айналдыру болатын. Бүгінгі күннің асқар биігінен мойын бұрып, сол жылдарға зер салсақ, бойынды мақтаныш сезімі билейді. Қарағанды металлургия зауытты сол жылдары жылына басқа өнімдерді былай қойғанда 21 млн тонна кокс, 10 млн тонна шойын, 6 млн тонна болат, 4 млн тонна тілкем шығаратын және де оны 20-дан астам шет ел сатып алатын. Әлеуметтік салаға деген жауапкершілік өте жоғары еді. Жылына тек қана металлургия комбинаты сол кездегі комбинат басшыларының іскерлігі арқасында 80 000 шаршы метр тұрғын үй салынатын. Ол уақыттағы ведомствалық жүйеге байланысты қаладағы тұрғын үй фондысының 87 пайызы металлургияның қарамағында болатын да, барлық жоспарлы және күрделі жөндеу бойынша қала көшелерінің 92 пайызы, су жүйесіндегі құбырлардың 132 км жыл сайын ауыстырылып отыратын.

Аталған ведомствалық жүйе бойынша қала тұрғындарының күнделікті демалатын алып нысандар салуда Теміртау сол жылдары республика бойынша алдына жаң салған емес. «Металлург» стадионы, Жастар жүзу бассейні, Тищенко атындағы Балалар саябағы, «Самал» профилакториясы, «Мүз айдыны» ғимараты. Аталған нысандардың көбі бұрын-соңды республикада болмаған еді. Мысалы қаламыздағы «Мүз айдыны» іске қосылғаннан бұрын мұндай нысандар не Қарағанды, не Алматы қалаларында жоқ болатын. Ең бастысы осындай демалыс орындарына мемлекеттің бюджетінен бір тиын жұмсалған емес. Өйткені бұл ғимараттар Қарағанды металлургия комбинатының және Қазметаллург құрылыс мекемелерінің қаржысына салынған болатын.

Теміртау тарихында адалдығымен, үлкен ұйымдастыру қабілетімен бүкіл елге мәшһүр ел құрметіне бөлінген азаматтар баршылық еді. Солардың бірі – Коркин, Мишин секілді азаматтар еді. 13 Социалистік Еңбек Ерлерін атасақ та жеткілікті болар. Осы ерлердің бесеуі өз ұлтымыздың ардактылары.

Қарағанды металлургия институтын атай 18 жыл (1970-1988 ж) басқарып, атакты




өндіріс ұйымдастырушыларын оқытып тәрбиелеген Нариман Ишмұхамедовты, Теміртау қаласында 1968 жылы еңбек жолын бастап, сол уақыттардағы халыққа тұрмыстық қызмет көрсету министрлігі 1970 ж, еңбек министрі 1990 ж, Балтық елдерінде (Латвия, Литва, Эстония) егеменді Қазақстанның елшісі (1995-1997) т.б жауапты қызметтер атқарған Саят Бейсенов, 1959 жылы Қазақстан магниткасына Қазақстан үкіметінің шақырылуымен 3 мың жастың қатарында келген, Егемен Қазақстанның тұңғыш сыртқы істер министрі 1991-1994 ж Төлеутай Сүлейменов, аты аңызға айналған нейрохирург Әнуарбек Ілдебаевты, Теміртау қаласының сол кездегі бас идеологі Н.Т. Вахитованың есімін ерекше атап өткен жөн.

Мемлекеттік басқару жүйесіндегі айтулы істері елімізге белгілі, әсіресе Арқа өңірінің абырой-атағын аспандатып Қарағанды облысын 1979-1986 жылдары басқарған А.Коркинді, 2009-2012 жылдары басқарған С.Ахметовті, 1999-2006 жылдары басқарған К.Мұхамеджанов сынды азаматтарды арнайы атап өту парыз.

Батылдығымен, іскерлігімен танылған А.Коркиннің басқаруы кезінде облыстағы қазақ аудандарға екінші хатшы ретінде орыс азаматтарын жіберу тоқтатылды. Мені облыстық ауыл шаруашылық бөліміне бас маман қылып тағайындады, пәтер мәселесін де шешіп берген болатын сол кезде. Анда-санда

ойға шомамын, Коркиннің жасаған осы батыл қадамы Совет үкіметінде бұрын-соңды болмаған оқиға болған шығар деп. Ал 1980 жылдың күзінде бүкіл КСРО қара металлургия саласында тұңғыш рет Қарағанды металлургия комбинатының директоры болып ұлты қазақ азамат – Махмуд Акбиевтің бекітілгені бұрын-соңды болмағаны рас еді. КСРО экономикасына қомақты үлес қосатын алып өндірісті орыстан басқа ұлт өкілі басқаруға болмайтындай еді. Бұлжытпай орындалатын саясаттың құдіреті қалың мұздай сіресіп тұрған уақыт-тұғын. Сол уақытқа тас атып, мұздың тоңын жібітіп, ұлт кадрларына зер салған да осы А.Коркин болатын.

Ауыз толтырып айтар сөзге ие болған, әрине Серік мырза Ахметов. Аталмыш әкімнің тұсында әлеуметтік-экономикалық жағдайымыз біршама жақсарып, елдің көңілі көтеріліп мәре-сәре болды. Қаланың реңі өзгеріп, бұрын-соңды болмаған қаланы абаттандыру жұмысы қарқындап, ел разы болды. Келе сала қазақ азаматтарын шақырып алып: «Қазақша газет ашыңыздар» деп тапсырма беріп, бізді састырамын да аса бір жылы ілтипатпен еске аламын. «Серт пен сөзге ұмытшақтау өлкеде» (М.Шаханов) ашылған «Теміртау» газетіне жанашырлар (жазылушылар) азайып, жетімсірей бастағанда редакция алқасының қолтығынан демеген де осы Ахметов мырза еді. Қазақ деген ұлттың ұлы екендігін лауазымды қызметінен жоғары қоятынының



айғағы бұл. Екінші бірінің пешенесіне жазыла бермейтін мықтылық. Теміртау қаласы ежелгі қазақ жұртында тұрса да қазақтар – қазақ диаспорасы ретінде өмір сүріп жатқандығын бірден түсінген осы әкім болды.

Әр ортаның үлгі етіп, өнеге тұтып, қараттып алда жүретіндердің, серкелердің, топ жарғандардың, айтқандары сыйымды, жарасымды, кесіп айтып іс тындыратын, еселеп айтып дүйім жұртты елітетіндердің алдыңғы қатарында бой көрсеткен, Қарағанды облысын жеті жыл басқарып «артынан сөз өргізбеген» Камалтін Мұхамеджанов болды.

Аймақты басқаруға К.Мұхамеджанов келе салып, Қарағанды қаласының бұрынғы Совет ауданын «Қазыбек би» ауданы деп өзгертіп бүкіл қазақ деген халықтың мерейін үстем етті. Оның тұсында Әл-Машани мешіті ашылып, ел-жұртын тығырықтан шығарып еді. Облысты жеті жыл басқарған уақытта талай-талай қысқа жіп, ұзын түйінін шешімін тапқан адам еді.

Кезінде (2005 ж) «Теміртау тұлғалардың мекені» дегенді айтқан мен едім. Сол тектілердің 1950 жылы басталған тарихын кейінгілерге паш етсем, міндетімді атқарғаным болар.

Тілеуберді СМАҒҰЛ,
еңбек ардагері, «Ерен еңбегі үшін»
медалінің иегері
Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына
арналған «Тіл жанашыры»
номинациясының иегері

• ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Сарандықтар сарбаздарды шығарып салды

Биылғы қыркүйек-желтоқсан айларында жасы 18-ге толған Қазақстан азаматтарын еліміздің Қарулы Күштері қатарына мерзімді әскери қызметке шақыру басталып, Саран қалалық Мәдениет үйінде Отан алдындағы қасиетті борышын өтеу үшін сарандық алғашқы 10 сарбазды салтанатты шығарып салу рәсімі өтіп, оған қала тұрғындары мен олардың атаналары, туған-туыстары жиналды.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы салтанат басында Мемлекеттік Әнұранымыз орындалып, болашақ Отан қорғаушыларға Саран қаласы әкімінің орынбасары Сағынбек Бейсеев ақ жол тіледі.

Келесі кезекте Саран қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің басшысы, қорғаныс майоры Әзиз Әбілкасымов та әскерге шақырылған сарандық жастарға сәт сапар тілеп: – Президентіміз «Отан қорғау – қасиетті борыш және жауапты міндет. Нағыз патриоттар, жауынгерлік антына адал адамдар қашан да халықтың ерекше құрметіне ие» дегендей, барған әскери бөлімдерінде қызметтеріңді мінсіз атқарыңдар, – деп, оларды ортаға шақырды.

Әзиз Әлімқұловтан білгеніміздей, осы көктемде Сараннан 52 жас әскер қатарына аттанып, әскери қызметін өтеп жатса, бұл күз айларында тағы да 54-і шақырылып отыр. Енді солардан Андрей Солдатов, Владимир Шилин, Денис Москалев, Денис Иванов, Азамат Есмақиев, Максим Саложкин, Евгений Борисенко, Раил Гумеров, Владислав Березовский, Егорь Соль сияқты жастар Қазақстан Қарулы Күштерінің қатарын толықтырмақ. Оларға сый-сияпат көрсетіліп, бәрі бірге ескерткіш суретке түсті.

Сарандағы сарбаздарды әскер қатарына шығарып салу салтанатында жергілікті өнерпаздар Меней Жұлдыз, Абжал Меіріжан, Дастан Әскеев, Айым Қанапиянова ең шырқап, жиналған жұртқа көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

САРАН

• ДІН – ДІҢГЕК

Міржақып мешіті бой көтерді

Биыл «Оян, қазақ!» деп Алашқа атой салған, Алаш қозғалысының негізін қалаушы арыстардың бірі Міржақып Дулатұлының туғанына – 140 жыл. Жақында ғана Торғай төрінде дүрілдеген той өтіп, бүкіл республика жұрты М.Дулатұлының осы мерейтойын атап өтті. Сол үлкен тойдың жалғасы ретінде Қарағанды қаласында өткен бейсенбіде айтулы шара болды. Бір жылдың ішінде салынып біткен мешітті көкірегі ояу иманды жігіттер «Оян, қазақ!» авторының атына беруге шешім алады. Осылайша, қаламыздың Федоровка деп аталатын ауданында жаңа мешіт бой көтеріп, Алаш арысының атына берілді.

Қаланың осы Федоровка мекенінде мұндай үлкен мешіт жоқ еді. Қарағандының бір шеті болып табылатын осы аймақта кейінгі жылдары қазақ отбасылары көп шоғырлана бастаған еді. Қаланың ортасындағы мешіттерге жету оңай емес. Сол себепті осы жерде 35 жылдан бері тұратын Алмагүл Нұғыманқызы апамыз қалайда мешіт салуды армандаған екен. Салтанатты жиында сөз алған Алмагүл апай қандай қиындықты өткергенін баяндап берді. Бұл жер теміржолдың маңында бос жатқан жұрт қоныс тастайтын аймақ болыпты. Содан осы жерге мешіт саламыз деп қайта-қайта қала басшыларына барып жүріп рұқсат алған екен. Содан жұртшылықты, іскер жігіттерді жұмылдырып 160 машина қоныс шығарыпты. Жерді даярлап болған соң Аян Елеуенұлы деген кәсіпкерді іздеп тауып, құрылысты қолға алғандарын айтып берді. Солайша, бір жылдың ішінде құрылыс жұмысы біткен. Мешіт барлық талаптарға сай салынған. Асханасы және басқадай қажетті бөлмелер бар. Жолдарға асфальт төселіп, қалалық автобус маршруты ашылыпты. Жиналған жұртшылық осы маңнан қазақ мектебінің құрылысы басталғанын қуана жеткізіп жатты.

Қазақша айтқанда, «қүзем шығымы» деп аталатын қыркүйектің осы бір жылы күнінде Алла үйінің ашылуы салтанатты жағдайда өтті. Алдымен, Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының Қарағанды облысындағы өкілі, Әнет баба атындағы орталық мешіттің бас имамы

Естай Айтуғанұлы сөз алып, жиналған жұртшылықты құттықтады. Пайғамбарымыз туған Мәуліт айымен тұспа-тұс келіп отырған осы игілікті істің басы-қасында жүрген жамағатқа алғыс айтты. Бір кездері Қарағанды қаласының намазхандары бір мешітке зар болса, қазір шаһарымызда 12 мешіт бар екен. Тағы 2-3-еуі салынып бітуге жақын. Әрине, жарты миллионнан астам халық тұратын Қарағанды сияқты алып қалаға бұл аздық етеді. «Алла нәсіп етсе, тағы да Алла үйлері бой көтерер», – деді бас имам.

Бұдан кейін Естай Айтуғанұлы өзінің өкілеттігін пайдаланып, жаңа салынған Міржақып Дулатұлының мешітіне бас имам болып тағайындалған Мұсылман Манапұлының қолына Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы хазіреттің бұйрығын табыс етіп, мешіттің кілтін берді. Сонымен қоса осы мешіттің салынуына үлес қосқан жамағатқа бас мүфтидің Алғыс хаттарын табыстады. Олардың қатарында осы Федоровка елдімекенінің тұрғыны Алмагүл Нұғыманқызы, құрылыс жұмысын өз мойнына алған кәсіпкер Аян Елеуенұлы Шермағанбетов және Бағлан Омаров, Райымбек Дәулетханұлы тәрізді кәсіпкерлер болды.

Келесі сөз кезегі Алматыдағы Нұр-Мүбәрак университетінің ұстазы, Египеттегі әйгілі Әл-Әзһар университетінің түлегі Ризабек Батталұлына берілді. Қайрдағы жоғары діни оқуды 10 жыл оқып келген жерлесіміз жиналған жа-



мағатқа уағыз айтып, бүгінгі ислам әлемінде болып жатқан жағдайға тоқталды. Ризабек ұстаз өз сөзінде қазіргі таңда қазақ халқын дәстүрлі мәзһабымыздан тайдыруға тырысатын теріс пиғылді адамдардың бар екенін баса айтты. «Әсіресе, жастарымыздың санасын улап, басқа жолға салғылары келеді. Оған жол беруге болмайды. Сол жас ұрпаққа діни білім беру үшін осындай мешіттер көптеп тұрғызылуы керек», – деді ол сөзінің соңында.

Астанадан арнайы ат басын тіреп жеткен ғалым Марат Әбсаматұлы еліміз-

ге міржақыптанушы ретінде белгілі. Мінберге көтерілгенде ол былай деді:

– Мен ғылым жолына түскенде Алаш қайраткерлері мен Алашорда партиясының тарихын зерттеумен айналыстым. Соның ішінде Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығы менің кандидаттық диссертациямның тақырыбы болды. Сондықтан да, Міржақып тәрізді Алаш арыстарының қазақтың тәуелсіздігі үшін қандай еңбек сіңіргенін жақсы білемін. Сол жолда жандарын пида етті. Міржақып Дулатұлы саяси қуғын-сүргінге ұшырап, 1931 жылы Сібірге жер

аударылып, колонияда азап шегіп, 1935 жылы Карелияда қаза тапқан. Тәуелсіздік алған жылдары оның зиратын тауып, сүйегін Торғай жеріне, туған ауылына жерледік. Кеше ғана 140 жылдың тойында оған еңселі ескерткіш ашылды. Бүгін, міне, қарағандылық жерлестерім саулетті мешіт ашып, Міржақып атына беріп отырғанына қуә болып тұрмын. Сіздердің осындай қайырлы істеріңізге ризамын, жақсылықтарыңыз Алладан қайтсын! – деді сөзінің соңында ғалым ағамыз.

Салтанатты шарада, жаңа мешітті салып, жамағат игілігіне беруге бар күшін, қаражатын жұмсаған қаламызға белгілі спортшы, кәсіпкер Аян Елеуенұлының атына көп ризашылық сөздер айтылды. «Тектіден текті туады» демекші, Аяның нағашы жұрты Қаздауысты Қазыбек бидің бес ұлының бірі Қазымбет атадан тарайды екен. Өзі де имандылық жолына түскен Аян Шермағанбетовтің ұлы нағашысы – Есім ата Айрықтағы Жайсаң қажымен бірге бір зиратқа жерленген айтулы тұлға. Қолы ашық кәсіпкердің анасы Мирашар Шермағанбетова мен әкесі Елеуен Шермағанбетов ұзақ жыл «Айрық» совхозында мұғалім болыпты. Әкесі Елеуен 44 жасында дүниеден өткен екен. Сол қажы нағашылары мен ерте бақилық болған әкесінің құрметіне осы мешітті салғанын ол бір сөзінде атап өтті. Анасын қажылыққа апарып келіпті. Жиналған жұрт «құл болсаң, Аяндай бол!» деген ақ тілектерін білдірді.

Сонымен, Қарағанды қаласының Федоровка елдімекенінде 200 намазханға арналған Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлы атындағы жаңа мешіт ашылып, өз қызметін бастады.

Серік СЕКСЕНҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі
Сурет ұйымдастырушылардан

• ТУРИЗМ

Саябақтағы саяхат

Ішкі туризмді дамыту – ел экономикасы мен аймақтық әлеуетті арттырудың маңызды тетіктерінің бірі. Осы бағытта өңірде ауқымды жұмыс атқарылуда. Күні кеше дүниежүзілік туризм күніне орай Қарағандыдағы Орталық саябақта «Саяхатқа шабыт беретін Қарағанды» облыстық туристік фестиваль өтті. Аталған фестивальді облыстық туризм басқармасы қолға алып, саяхатқа, табиғат аясындағы демалысқа және белсенді өмір салтына қызығушылық танытқан тұрғындар мен қонақтарды бір алаңда тоғыстырды. Фестиваль аясында қатысушылар өңірдегі ішкі туризм бағыттарымен жақын танысып, туристік маршруттар мен демалыс орындары жайында мол мағлұмат алды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша ішкі туристер саны 31,3%-ға артыпты. Яғни, демалушылардың қатары 185,7 мың адамға жеткен. Ал, туристік қызметтер көлемі 8,7%-ға өсіп, 4,0 млрд теңгені құрады. Туризм саласына тартылған инвестициялар 13,8 млрд теңгеден асып кеткен. Облыстық туризм басқармасының басшысы Ирина Любарская өз сөзінде ішкі туризмді дамыту мәселесін көтеріп, тілге тиек етті.

– Қарағанды облысы – тек белсенді демалысты ұнататын жандардың орталығы ғана емес, инвесторлар үшін де болашағы зор өңір. Аймақтың туристік инфрақұрылымды дамытуға әлеуеті зор. Кемпингтер, эко-қонақ үйлер, рекреациялық аймақ пен этнопарк секілді өзге де нысандарды салу мүмкіндігі бар. Бүгінгі фестивальға 10-нан астам кәсіпорын мен 20-дан астам туризм орталығы шақыртылды. Қала тұрғындары туризм орталықтарымен кеңінен таныса алады. Жалпы, біздің мақсат – елді саяхаттауға шақыру, – деді ол.

Фестиваль аясында саябаққа киіз үйлер тігіліп, этноауыл, шеберлік сағаттары, арқан өткелдері ұйымдастырылды. Сонымен қатар, келушілер «Туристің ізімен» атты кедергілерден тұратын эстафетаға қатысып, дала жағдайында өмір сүрудің негізгі дағдыларын, табиғаттағы қауіпсіздік ережелерін үйренді. Әрі байдаркамен жүзу бойынша көрсетілімді тамашалады. Сонымен қатар, су жағасына қайықтар қойылған. Келушілер қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, қайықпен жүзу мүмкіндігіне ие болды.

Ел ішіндегі көрікті мекендерді кеңінен танытуға үлес қосып жүрген белсенді азаматтардың бірі – Аян Нұрмағанбетов. Ол 2016 жылы достарының қолдауымен Nomads Club атты туристік клубын ашқан. Негізгі Аян, достарымен бірге табиғат аясында демалып, ел ішіндегі саяхаттарға шығып жүрген. Сөйтіп, бұл идея осылай басталған. Кейін пандемия уақытында барлық өңірге шектеу қойылған соң саяхаттан қол үзіп қалады. Алайда, бәрі аяқталған соң Аян клуб ашып, жұмысын қайта бастайды. Бүгінде клубтың ресми лицензиясы бар. Әрі ол ішкі туризмді ғана емес, сыртқы туризм бағытында да ауқымды жұмыстарды жүргізуде.



– Туристерімізді деңгейіне қарай бөліп тастаймыз. Себебі, олардың ішінде бірінші рет сапарға шыққалы тұрғандар болады. Саяхатшылармен бірге тур кестесін бірлесе құрамыз. Бізге келетін саяхатшылардың басым бөлігі таулы жерге саяхатқа шыққысы келетіндер. Айта

кетейік, біз – еркін агенттік орталықпыз. Жаз мезгілінде табиғат аясында шатырда түнейміз. Біздің басты ерекшелігіміз сол. Құн салқындағанда қонақ үйлер мен түрлі жалға беретін жерден орын аламыз. Көлік жағына келетін болсақ, өзімізге тиесілі жеңіл көлік, шағын автобус және сприн-

терлер бар. Егер баратын адам саны біз ойлағаннан да көп болса, қосымша көлік жалға аламыз, – деді Аян Сексенұлы.

Туризм спорты бойынша спорт шебері, нұсқаушы Сергей Кистанов осы фестивальға өзінің жеке қайықтарын алып келіпті. Өзі осы салада жүргеніне 15 жылдан асқан.

– Саяхат – менің өмірім. Саяхат арқылы өмірімді ұзартамын. Бізге келетін саяхатшылардың жас ерекшеліктері әркілі. Өз басым туризм басқармасына ұсыныс білдіріп, саяхат маршрутының санын көбейту қажеттігін көтердім. Соңғы жылдары туризмге қызығушылық білдіретін жандардың қатары артып келеді. Сондықтан, өңірімізде туристік маршруттардың санын көбейту маңызды. Әсіресе, қайықпен серуендеу сынды бағыттардың әлеуеті зор. Қайықпен серуендеу тек демалыс емес, жан тыныштығы. Жалпы, осы фестивальдің берері мол. Осы арқылы біз көпшілікті ішкі туризмге қызықтырып, туған өлкені жаңаша тануға жол ашамыз, – деді Сергей Павлович.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында «Туризм саласында біраз түйткілді мәселе бар. Шынын айту керек, кәсіби кадрлар тапшы. Осы саладағы бәсекеге қабілетіміз әлі де шамалы» деген болатын. Бүгінде өңірде игі бастамалар қолға алынды. Солардың бірі – осы фестиваль. Таңның атысынан кештің батысына дейін жалғасқан фестиваль келушілерге тек көңіл-күй ғана емес, терең ой салғаны да анық. Осындай игі іс-шаралардың нәтижесінде Қарағанды өңірі еліміздің туризм картасындағы жетекші бағыттардың біріне айналарына сенім мол.

Суреттерді түсірген автор

• ФУТБОЛ

Сырт алаңда басым түсті

Қазақстан бірінші лигасының XXIII туры өз мәресіне жетті. Бұл кезеңде қарағандылық «Шахтер» сырт алаңда шымкенттік «Оңтүстік Академия» клубымен кездесіп, 2:0 есебімен жеңіске жетті.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қос команда арасындағы бірінші ойын жерлестердің пайдасына шешілген. Есеп – 4:1. Қарымта ойында да қарағандылықтар қарсыласына есе жібермеді. Шабуыл барысында келген мүмкіндіктерді барынша мүлті жібермеуге тырысып, нәтижелі ойын көрсетті. Десе де қарымта ойында екі гол салып, маңызды үш ұпайын еншілеп қайтты.

Алғашқы гол ойынның бірінші таймында соғылды. Сол қапталдан шабуыл ұйымдастырған Арман Нүсіп қарсылас қақпасының тұсына келген бойда қарсы беттегі әріптестеріне пас асырады. Осы тұста Максим Галкин допқа бірінші жетіп, есеп ашты.

Ал, екінші гол ойынның 85-ші

минутында соғылды. Бұл жолы жерлестер шабуылды оң қапталдан ұйымдастырған. Допқа иелік еткен Максим Галкин сол қапталдағы әріптесі Сұлтан Шымырханға пас асырып үлгереді. Ал, ол болса мүмкіндікті мүлті жібермей, есепті еселейді.

Қазіргі уақытта жерлестер – турнир кестесінде 47 ұпаймен төртінші орында. Дегенмен, шабуылшы Максим Галкин жалпы лига бойы 13 гол салып, сұрмергендер тізімінде екінші сатыда келеді. Одан кейінгі орында командаласы Арман Нүсіп тұр. Оның еншісінде – 11 гол. Ал, көш басында ақтаулық «Каспийдің» шабуылшысы Мирас Тұрлыбек тұр. Ол маусым бойы 21 гол салған.

Сурет клубтың баспасөз қызметінен

• БАЙҚАУ

Мағауия мұрасын дәріптеген дода

Балқаш қаласы биылғы күзді күмбірлеген күймен қарсы алды. Қала төріндегі М.Хамзин атындағы мәдениет сарайында шертпе күй өнерінің біртуар өкілі, Қазақстанның Халық әртісі Мағауия Хамзиннің шығармашылығына арналған республикалық күйшілер байқауы өтті. «Күй – құдірет» деп аталған бұл өнер додасы – ұлттық рухты ұлықтаған, күйді қадірлеген, өнерпазды демеген айтулы шара ретінде ел есінде қалды. Қазақтың шертпе күй дәстүрін жаңа биікке көтерген дара тұлғаның рухына тағзым ретінде ұйымдастырылған байқау күй әлемінің жауһарларын жаңғыртқан шоқтығы биік өнер мерекесіне айналды.

Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Мағауия Хамзиннің күйлерінде терең философия, дала болмысы, ұлттық мінез бен өмірдің өзекті сәттері айқын көрініс табады. Оның әр күйі – бір шежіре, әр иірімі – сырлы хикая. Сондықтан да ол тек күйші емес, руханы кемел тұлға ретінде ел есінде. «Күй – құдірет» байқауы – тек өнер сайысы ғана емес, ұлттық рухтың, ұлт болмысының жалғастығын көрсеткен тағылымды шара. Осындай ауқымды жиын-

дар арқылы күй өнерінің тамыры тереңдеп, келешек буынға асыл мұра ретінде табысталаып отыр, – деді күйші, мағауиятанушы Манап Анықбеков.

Күй додасына еліміздің әр өңірінен – Жамбыл облысы, Астана, Алматы және Қарағанды қалаларынан 14 үміткер қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. Жас домбырашылардың бәрі де күйдің құдіретін жүрекпен сезінетін, өнерді өміріне серік еткен дарын иелері екенін байқатты. Қазылар алқасы орындаушылық шеберлікті, репертуар таңдауын, күйдің

мазмұнын жеткізу мәнерін және сахна мәдениетін ескере отырып, үздіктерді анықтады.

Байқаудың қорытындысы бойынша байқау дипломанты атағы К.Байсейітова атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенті Нұрғиса Миязовқа, Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің студенті Қадыр Жұмабекке, П.И.Чайковский атындағы музыкалық колледж студенті Тәттімбет Әбілжанға табысталды (50 мың теңге ақшалай сыйлық). Жүлделі үшінші орынды Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің студенті Ақжан Қали және Қосшы қаласының мәдениет үйінің қызметкері Мейрам Айтмағанбетов иеленсе (70 мың теңге ақшалай сыйлық), жүлделі екінші орын Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің студенттері Әлия Құрмашқызы мен Нұрмұхамед Жақановқа бұйырды (100 мың теңге ақшалай сыйлық). Байқаудың жүлделі бірінші орыны

Тілендиев атындағы Мемлекеттік Академиялық фольклорлық-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрінің өнерпазы Сырым Шонбаев иеленсе (150 мың теңге ақшалай сыйлық), байқаудың Бас жүлдесі А. Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған музыка мектеп-интернатының оқушысы Нұрәли Саятқа табысталды (200 мың теңге ақшалай сыйлық).

Айта кетейік, Мағауия Хамзин – қазақтың күй әлемінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған дара тұлға. Ол – Тәттімбеттен бастау алатын Арқа шертпесінің өрісін кеңейтіп, дәстүрлі күйді академиялық деңгейге көтерген санаулы саңлақтардың бірі. Оның шеберлігі – күйді жеке орындап қана қоймай, оркестрлік орындауда да жоғары деңгейге жеткізуінде. Домбыраны оркестрмен сөйлету арқылы ұлттық өнерге жаңаша тыныс берген жаңашыл композитор болатын. БАЛҚАШ

• ДЗЮДО

Жерлестердің ерен жеңісі

Алматы қаласында 23 жасқа дейінгі балуандар арасында дзюдодан өткен Қазақстан чемпионатында Қарқаралы ауданының намысын қорғаған қос спортшы ел біріншілігінде топ жарды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

+78 килограммдық салмақ дәрежесінде Қарқаралының қайсар қызы Аида Тойшыбекова ел чемпионатының алтын жүлдегері атанды. Татамиде тамаша әдістер жасап, жеңіске деген құштарлығы мен жігерінің арқасында қарсыластарын айқын басымдылықпен ұтып, дүбірлі жарыстың жеңімпазы атанды.

73 килограммға дейін сал-



мақ басатын жігіттер арасында Егіндібұлақ ауылының балуаны

Ерсұлтан Дулатұлы Дүйсенхан белдескен қарсыластарына еш

мүмкіндік бермей, екінші мәрте Қазақстан чемпионы атанып отыр. Ол бозкілемде әлемі белдесулер көрсетіп, чемпиондық атаққа әбден лайық азамат екенін тағы да дәлелдеді.

Ауылдық елдімекендерде спорт кешендерінің ашылуы жастардың салауатты өмір салтына ден қойып, түрлі жарыстарға қатысуына мүмкіндік беруде. Соның дәлелі – Қарқаралы ауданының қос бірдей балуанының ақ басты Алатаудың баурайынан алтын медальмен оралуы. Бұл – үлкен жетістік, аудан спорты үшін зор мақтаныш. Жас балуандардың бұдан да биік белестері алда деп үміттенеміз.

СУРЕТТЕ: ел біріншілігінің жеңімпазы – Ерсұлтан Дүйсенхан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТХАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 - Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген ® Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Өлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымыз 3 512 №107 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Гүлнұр СЕРІҚЖАНҚЫЗЫ
